

Шардара ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2023 жылғы 1 қарашадағы № 10-54-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шардара ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасының
өкілеттігін уақытша атқарушы*

Б.Раймуханов
Шардара аудандық мәслихатының
2023 жылғы 1 қарашадағы
№ 10-54-VIII шешіміне қосымша

Шардара ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,01
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,96
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,95
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,44
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,30
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,32

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,22
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамактану мекемелері	1 отыратын орын	0,0012
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,15
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,3
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,3
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері	Сауда алаңы 1 м2	0,88
	Аралас дүкендер		0,14
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,38
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	1,02
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,62
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м2	0,08
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,98
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2,00
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,15
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаш тараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	3,06

26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,32
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,71
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,12
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,25
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0023